

ТАКSTAR GX6 микрофоны

Сақтық шаралары


- Құрылғыны ылғалдылық деңгейі жоғары орынжайларда сақтамаңыз, экстремалды температуралардың, кез келген сұйықтықтардың әсерінен қорғаңыз.
- Микрофон — өте сезгіш аспап. Оны құлаудан, соғылудан және басқа да зақымданулардан қорғаңыз.
- Күшті бөгеуілдерді болдырмау үшін микрофонды бағаналарға жақындатпаңыз және оны қолмен жаппаңыз.
- Құрылғы балалардың және, олардың қауіпсіздігі үшін жауапты болатын басқа тұлғалар бақылауды жүзеге асырайтын жағдайларды қоспағанда, физикалық, сенсорлы немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі тұлғалардың пайдалануына арналмаған. Балаларға құрылғымен ойнауға болмайды.

Құрылғының тағайындалуы

Микрофон — электракустикалық аспап, ол акустикалық тербелістерді электр сигналына түрлендіреді.



Құрылғының сұлбасы

1. Жарық индикаторы бар «**MUTE**» батырмасы: дыбысты қосу/сөндіру үшін басыңыз; дыбыс іске қосылған кезде индикатор жасыл түспен, сөндірілген кезде — қызыл түспен жанады.
2. Құлаққаптардың дыбыс қаттылығының реттегіші.
3. Микрофонның дыбыс қаттылығының реттегіші.
4. Режимдерді ауыстырып-қосқыш:
 - «∞» — «**Стерео**» режимі, жанды музыканы жазу үшін сәйкес келеді;
 - «O» — «**Бүкілбағытты**» режимі, бірнеше дыбыс көздерінен, мысалы, конференция кезінде жазу үшін сәйкес келеді;
 - «Q» — «**Кардиоид**» режимі, дыбыстың бір көзінен, мысалы, радио арқылы хабар тарату немесе пайдаланушылары көп компьютерлік ойындар үшін жанды хабарлау үшін сәйкес келеді;
 - «8» — «**Екі бағытты**», режимі, микрофонның екі жағынан орналасқан екі дыбыс көзінен, мысалы, әңгімелесу кезінде жазу үшін сәйкес келеді.
5. microUSB жалғағышы құрылғыны зарядтауға және деректерді жіберуге арналған.
6. Құлаққаптарды қосу, компьютермен жаңғыртылатын микрофон мен дыбысты бақылауға арналған 3.5 мм жалғағыш.
7. Әртүрлі тіреуіштерге және түпқоймаларға бекітуге арналған 5/8" жалғағыш.




Жиіліктік-амплитудалық сипаттама

«Стерео» режимі





сол жақ арна





оң жақ арна



«Бүкілбағытты» режимі



«Кардиоид» режимі



«Екі бағытты» режимі




Микрофонды құру және орнату

1. Металлды тығырықтарды түпқойманың тиісті тесіктеріне қондырыңыз.
2. Пластикалық тығырықтарды микрофонның тиісті тесіктеріне қондырыңыз.
3. Микрофонды түпқоймаға орнатыңыз, оны тиісті тесіктері арқылы бұрамалармен бекітіңіз.

Құрылғыны компьютерге қосу

Құрылғыны компьютерге USB-кабелі көмегімен қосыңыз. Құрылғыны сәйкестендіру және драйверлерді орнату автоматты түрде жүзеге асырылады. Қажет болғанда құлаққаптарды микрофонның тиісті жалғағышына қосыңыз.

Назар аударыңыз: сәйкестендіруді және драйверлер орнатуды аяқтаған кезде құрылғыны пайдалану үшін осы микрофонды компьютердің жүйелі теңшелімдерінде әдеттегі құрылғы ретінде орнату қажет.



Құрылғыны пайдалану


1. Микрофонды пайдаланар алдында Сіздің дыбыс көзіңіздің дыбыс қаттылығын минимумға орнатыңыз да сіздің құрылғыңыздың дыбыс қаттылығын баяу ұлғайтыңыз. Акустикалық кері байланысты болдырмау үшін микрофонды аудиожүйеден (бағандардан) алыс және беткі жағымен қаратып ұстаңыз.
2. Тиісті жазу режимін таңдаңыз (режимдердің сипаттауын «Техникалық сипаттамалар» тарауынан оқып таныса аласыз).

Техникалық сипаттамалар

- **Үлгісі:** GX6.
- **Түрі:** стерео / бір бағытты (кардиоид) / екі бағытты / бүкілбағытты.
- **Қуаттау:** 5 В / 500 мА (USB).
- **Деректерді жіберу:** USB 2.0.
- **Дискреттеу жиілігі:** 44.1/192 кГц.
- **Битрейт:** 16/24 бит.
- **Жиіліктік ауқым:** 20 Гц — 20 кГц.
- **Сезгіштік:** 5.6 мВ (1 кГц үшін 1 В/Па).
- **Макс. дыбыс қысымы:** 120 дБ (THD 0.5% на 1 кГц).
- **Шығатын импеданс:** 32 Ом.
- **Шығатын қуат (максималды синусоидалық қуат):** 100 мВт.
- **Сигнал/шуыл арақатынасы:** 100 дБ.
- **Үйлесімділігі:** Windows 7 және одан да жоғары, iOS 10.9 және одан да жоғары.

Жиынтықтамасы

1. Микрофон.
 2. Пластикалық тығырықтар — 2 дана.
 3. Металлды тығырықтар — 2 дана.
 4. Бұрандама — 2 дана.
 5. Түпқойма.
 6. Аудиокабель.
1. Пайдаланушының нұсқаулығы.



Қосымша ақпарат

Өндіруші: Гуандун Тэкстар Электроник Ко., Лтд.
Фу Кан И 2 тас жолы, Лунси, Боло, Хуэйчжоу қ., Гуандун провинциясы, Қытай.

Қытайда жасалған.

Импорттер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Сұлтан, р-н Сарыарка, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Бұйымның сыртқы түрі, оның сипаттамалары және жиынтықтамасы алдын ала хабарлаусыз өзгеруі мүмкін. Құрылғының нақты интерфейсі осы нұсқаулықта көрсетілгеннен ерекшеленуі мүмкін.

Өндірілген күні, сондай-ақ кепілдік және пайдалану мерзімдері қаптамада көрсетілген.

Интернеттегі мекенжайы: www.takstar.com